

## Әкімшілік жиналыс хаттамасы

### №1 хаттама

**Өткізілген орны:** ЖШС «Ақбастау» бөбекжай бала-бақшасы

**Өткізілген күні:** 03 – қыркүйек. 2024 жыл.

**Қатысқандар:** Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі, және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатысқандар саны: 15**

**Қатыспағандар саны: жоқ**

**Себептісі: Себепсізі:**

### Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Бір айға арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Кадрлармен жасақталғаны туралы.
3. Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру бойынша бақылау жоспарын бекіту.
4. Эвакуация жоспарына нұсқама беру және практикалық пысықтау жүргізу.
5. Бір айдағы сырқаттанушылық жағдайын талдау.
6. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықты орындау. **Шұғыл бақылау.**

**Тыңдалды:** Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

**Сөйледі:** күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Сатыбалды сөйлеп, бір айға арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Қыркүйек айындағы кадрлармен, ата – аналармен, балалармен атқарылатын жұмыстарды және «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы жоспарланған жұмыстарды, балалардың қвиіпсіздігі бойынша жұмыстарды таныстырып, педагогтар арасында орындау туралы ақылдасып кеңесті. Сонымен қатар педагогикалық кеңесте, әкімшілік кеңесте, әдістемелік және өндірістік кеңесте, бақылау мен басшылықта не қаралытыны туралы айтылды.

**Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Ш.Исабек** сөйлеп, балалармен және ата – аналар өткізілетін жұмыс туралы, сұрақ қойып, жауап алды.

**Сөйледі:** күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, балабақшаның қажетті кадрлармен толық жасақталғаны туралы айтты.

**Сөйледі:** күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша медбике У.Бегимбаева сөйлеп, Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру бойынша бақылау жоспарын бекітуге ұсыныс айтты. 10 күндік және күнделікті ас мәзірі туралы айтып өтті.

**Жарыссөзге шыққандар:** меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, ас мәзірі "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығында көрсетілген мөлшерге, талапқа сай құрылғанын айтып өтті.

**Сөйледі:** күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша шарауашылық меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, Эвакуация жоспарына нұсқама беру және практикалық пысықтау жүргізу туралы таныстырып, түсіндіру жұмысын жүргізді.

**Сөйледі:** күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша сөйлеп, бір айдағы сырқаттанушылық жағдайын айтып, талдау жасады. Балалар денсаулығына және әр қызметкердің денсаулығына көп көңіл бөлініп, барлық қауіпсіздік шараларын сақтауға ұсыныс айтты.

**Сөйледі:** күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықты орындау атты шұғыл бақылау қорытындысы туралы айтты. Биылғы оқу жылында арнайы «Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлеріне арналған жоспар құрылып, сол бойынша жұмыстардың жүргізіліп, барысы бақыланып отырылғанын айтты.

**Жарыссөзге шыққандар:** тәрбиеші Г.Мұхамбек сөйлеп, өзінің өткізгелі отырған «Менің қауіпсіз әлемім» атты ашық ұйымдастырылған іс – әрекет туралы сұрақ қойып, кеңесті.

#### **Әкімшілік жиналыстың шешімі:**

1. Бір айға арналған жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарланған жұмыстар өз уақытында өткізілсін.
2. Балабақшаны кадрлармен жасақтау жалғастырылсын
3. Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру бойынша бақылау жоспары бекітілсін.
4. Эвакуация жоспары бекітіліп, практикалық пысықтау жүргізу жалғастырылсын.
5. Балалардың сырқаттанушылық жағдайын жақсарту жұмыстары жалғастырылсын.
6. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықты орындау туралы шұғыл бақылау нәтижесі жақсы деп бағалансын.

Хатшы:

төрайымы



С.Байымбетов  
А.Сатыбалды

## Әкімшілік жиналыс хаттамасы

### №2 хаттама

**Өткізілген орны:** ЖШС «Ақбастау» бөбекжай - бақшасы

**Өткізілген күні:** 30– қазан. 2024 жыл.

**Қатысқандар:** Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер және балабақша тәрбиешілері

**Қатысқандар саны:** 15

**Қатыспағандар саны:** жоқ

**Себептісі:** 1 **Себепсізі:** жоқ

### Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Ата-аналармен жұмыс ұйымдастыру туралы: көпбалалы отбасылардан шыққан балаларды есепке алу.
2. Баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстағаны үшін ата-ананың төлем жүргізуі (уақтылығы, дұрыстығы).
3. Сыйлық алу туралы хабарлама және оны беру, сыйлықтар алу, пара беру және паракорлыққа делдалдық жасау үшін жаза бекіту.
4. Мектепке дейінгі ұйымды қысқы кезеңге дайындау.
5. Жиһазды таңбалауды талдау.

**Тыңдалды:** Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші** мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Сатыбалды сөйлеп, ата-аналармен жұмыс ұйымдастыру туралы: көпбалалы отбасылардан шыққан балаларды есепке алу туралы айтты. Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстар жоспар бойынша өткізіліп жатқанын айта келе, көп балалы отбасылар туралы мәлімет Ұлттық білім беру деректер қорында көрсетілетіні айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші** мәселе бойынша есепші сөйлеп, баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстағаны үшін ата-ананың төлем жүргізуі туралы түсінік жұмысын жүргізді. Ата – ананың төлеген төлемақысы баланың бір айда ішетін тамағына жұмсалатынын және әр күнге қанша қаржы кететінін есептеп берді. Сол үшін ата – анадан дұрыс есептеп алуды және уақытылы төлену керектігін айтты.

**Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Г.Еримбетова** бала ауырып қалған жағдайда, анықтама әкелгенде қалай есептеу туралы сұрақ қойып, жауап алды.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші** мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, сыйлық алу туралы хабарлама және оны беру, сыйлықтар алу, пара беру және паракорлыққа делдалдық жасау үшін жаза бекітілгені туралы түсіндіріп, жұмыста адалдық сақтауды айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша шаруа меңгерушісі С.Байымбетов** сөйлеп, мектепке дейінгі ұйымды қысқы кезеңге дайындау мәселесі туралы айтты, яғни ғимаратты жылыту кезеңіне дайындау жұмыстары, қазандықты дайындау жөндеу жұмыстары жүргізілгенін айтты. Сонымен қатар қыс мезгіліндегі сақтық шараларының нұсқаулықтарымен де таныстырып өтті.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша шаруа меңгерушісі С.Байымбетов** сөйлеп, жиһазды таңбалау туралы айтты.

**Әкімшілік жиналыстың шешімі:**

- 1.Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды уақытылы жоспар бойынша жүргізу және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларды есепке алу жалғастырылсын.
- 2.Баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстағаны үшін ата-ананың төлем уақтылы және дұрыс жүргізілсін.
- 3.Сыйлық алу туралы хабарлама және оны беру, сыйлықтар алу, пара беру және паракорлыққа делдалдық жасау үшін жаза талаптары сақталынсын.
- 4.Мектепке дейінгі ұйымды қысқы кезеңге дайындау жақсы саналсын.
- 5.Жиһазды таңбалау жұмыстарын талапқа сай жүргізу жалғастырылсын.

Хатшы:

төрайымы



С.Байымбетов  
А.Сатыбалды

## Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы

### №3 хаттама

**Өткізілген орны:** ЖШС «Ақбастау» бөбекжай бала-бақшасы

**Өткізілген күні:** 12 – қараша 2024 жыл

**Қатысқандар:** Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатысқандар саны: 15**

**Қатыспағандар саны: 1**

**Себептісі: 1 Себепсізі: жоқ**

#### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

- 1.Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы.
- 2.Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтау туралы.
- 3.Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету туралы.
- 4.Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру туралы

**Тыңдалды:** Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі А.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе** бойынша шаруа меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы айтты. Қызметкерлердің жұмыс орнындағы еңбек жағдайлары дұрыс жасалынғанын, қауіпсіздік шаралары сақталғанын айтып, яғни әр топта қызметкерлерге орындықтар, үстелдер, киім ілгіштер, тазалау жұмыстарын жүргізуге жылы су қосылған, интернет желісі бар, сонымен қауіпсіздік нұсқаулықтары іліну түр деді.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе** бойынша бөбекжай – бақша меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, бөбекжайдағы ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтау туралы айтып, ішкі еңбек тәртібі ережесі құрылғанын, барлық қызметкерлерге таныстырылғанын айта келе, қызметкерлерде еңбек тәртібінде бұзушылық жоқ екенін айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе** бойынша бөбекжай – бақшаның медбикесі У.Бегимбаева Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету туралы сөйледі. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды орындау үшін балабақшада тазалау жұмыстарын жүргізуге дезинфекциялық заттар жеткілікті екенін айтты. Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық мекемемен келісім шарт арқылы толық жеткізіліп тұрғанын және қызметкерлерге қолдану тәсілдері ұдайы түсіндіріліп отырғанын айтты.

**Жарыссөзге шыққандар:** әдіскер А.Сатыбалды сөйлеп, тәрбиешілерге ойыншық жуу ережесін тағы да түсіндіріп өтуді сұранды. Түсіндіру жұмысы жүргізілді.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе** бойынша бөбекжай – бақшаның медбикесі У.Бегимбаева сөйлеп, Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру туралы айтты. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарда көрсетілген талап бойынша ас – мәзірі құрылып, 10 күндік ас мәзірінен күндік мәзір құрылып, тамақтардың мөлшері, құрамы сақталып отырылғаны туралы сөйледі. Сонымен қатар

сусындарға талап бойынша дәрумендер қосылып, бала денсаулығын нығайтуға барынша тамақтану ережесі сақталып отырғаны туралы сөйледі.

**Әкімшілік жиналыстың шешімі:**

1. Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау үнемі сақталынсын
2. Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтау ұдайы орындалсын.
3. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар ереже бойынша үнемі сақталынсын.
4. Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру жалғастырылсын.

**төрайымы**

**Хатшы:**



**С.Байымбетов**

**А.Сатыбалды**

## Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы

### №4 хаттама

**Өткізілген орны:** ЖШС «Ақбастау» бөбекжай - бақшасы

**Өткізілген күні:** 23 - желтоқсан, 2024 жыл.

**Қатысқандар:** Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатыспағандар саны:** жоқ

#### Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы.
- 2.Жаңа жылдық ертеңгіліктер кестесін бекіту.
3. Демалыс кестесін құру.
- 4.Тоқсан ішіндегі сырқаттанушылықты талдау.

**Тыңдалды:** Жиналысты бөбекжай меңгерушісі ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші** мәселе бойынша бөбекжай шаруа меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, балабақшадағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы айтты. Балабақшада өрттен сақтану шаралары сақталған. Аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу мекемесімен келісім шартқа тұрып, шаралар жолға қойылып, топтардың барлығы өртті сөндіру балондарымен, аулада құм, шелек, күрек, шланга, т.б. құралдармен қамтамасыз етілген деп, айтып өтті.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші** мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Сатыбалды сөйлеп, Жаңа жылдық ертеңгіліктер кестесін құру туралы айтты. Педагогтармен ақылдасып, ойласа ертеңгіліктердің өткізілу кестесін құрды. Желтоқсан айының 25-26-27 жұлдызы күндеріне сағат 10.00. ге және 11.30. уақытына басталатын етіп бекітілді.

**Жарыссөзге шыққандар:** балабақша музыка жетекшісі Е.Жолдас сөйлеп, барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің сценарийлерінің мақсатымен, барысымен таныстырды. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге Аяз ата, Ақшақар, Жаңа жыл, Мыстан кемпір, Мысық т.б. ертегі кейіпкерлері ертегі желісі бойынша сценариймен қатысады.Сонымен қатар қандай билер, ойындар, көріністер дайындалып жатқанын айтып, балалар, кейіпкерлер костюмдері туралы ой бөлісіп, кеңесті.

**Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Ш.Исабек** сөйлеп, ертеңгіліктердің сценарийлері қызықты және тәрбиелі екенін айтып, бекітуге ұсыныс айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші** мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, 2025 жылдың қызметкерлердің еңбек демалысына шығу кестесі туралы айтты. Қызметкерлердің өз отбасылық жағдайларына және т.б. мәселелер бойынша қай мезгілде еңбек демалысына шығу туралы айтуларына ұсыныс айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші** мәселе бойынша медбике У.Бегимбаева сөйлеп, тоқсан ішіндегі балалардың сырқаттанушылықтарына талдау жасады.Балалар арасында тұмау, суықтап ауырып қалғандары болғанмен, жұқпалы аурулардың болмағанын айтты.

### Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Балабақшадағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары үнеі сақталынсын.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктер 25-26-27 желтоқсан күндеріне өткізілу кестесі бекітілсін.
3. Қызметкерлердің 2025 жылға еңбек демалысына шығу кестесі құрылып, бекітілсін.
4. Тоқсан ішіндегі сырқаттанушылықты талдау жұмысы жақсы деп саналып, алдын алу жұмыстары жалғастырылсын.

төрайымы

Хатшы:



С.Байымбетов

А.Сатыбалды

**Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы  
№5 хаттама**

**Өткізілген орны:** ЖШС «Ақбастау» бөбекжай - бақшасы

**Өткізілген күні:** 10.01.2025 жыл.

**Қатысқандар:** Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатысқандар саны: 15**

**Қатыспағандар саны: жоқ**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Мектепке дейінгі ұйымның істер номенклатурасы туралы.
2. Топтарда құжаттаманы жүргізуді талдау.
3. Балалардың 2024 жылдағы денсаулық жағдайын талдау.
4. Мектепке дейінгі ұйым жұмысының 2024 - 2025 оқу жылының I жартыжылындағы қорытындылары туралы.

**Тыңдалды:** Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші** мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, Мектепке дейінгі ұйымның істер номенклатурасы туралы айтты. Балабақшаның номенклатурасының құрылымдық бөлімдердің индекстері 1.Меңгеруші, 2.Есепші, 3. Шаруашылық меңгерушісі 4.Әдіскер, 5. Мейірбике, 6.Тәрбиешілер осы бөлімдерден тұратынын және осы бөлімдер бойынша әр қызметкер дайындап керектігін түсіндірді.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші** мәселе бойынша әдіскер А.Байымбетов сөйлеп, топтарда құжаттаманы жүргізуді талдау бойынша айтты.Педагогтар №130 бұйрықта көрсетілген құжаттар перспективалық жоспар, оқу – тәрбие жұмыстарының циклограммасы және балалардың білік – білім дағдыларының мониторингісін уақытылы жүргізіліп, бекіттіріп,тігіп, беттеп отырғанын айтты. Сонымен қатар істер номенклатурасында көрсетілген құжаттарда жүргізіліп, нөмерленіп жинақталуда деді.Кемшіліктер болған уақытта реттеліп, ұсыныс айтылуда деді.

**Жарыссөзге шыққандар:шаруа меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, өзінің номенклатурасы туралы сұрақ қойып, жауап алды.**

**Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші** мәселе бойынша балалардың 2024 жылдағы денсаулық жағдайын талдау бойынша медбике У.Бегимбаева сөйлеп, тоқсан ішіндегі балалардың сырқаттанушылықтарына талдау жасады.Балалар арасында тұмау, суықтап ауырып қалғандары болғанмен, жұқпалы аурулардың болмағанын айтты.

**Сөйледі: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе** бойынша әдіскер А.Сатыбалды сөйлеп, бөбекжайдағы топ бүлдіршіндерінің жарты жылдық білімінің қорытындысын айтты. Білім беру дағдылары бойынша педагогтар бақылау парағын толтырып, білім деңгейлері анықталғанын айтты.Индикаторлар

бойынша баға қойылып, үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруі бойынша жеке даму карталары арналып, жеке жұмыстар жүргізілуде деді. Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру пайызы Мектепалды даярлық «Балбөбек» тобы 78%, Ересектер «Балапан» тобы 77%, ортаңғы «Ботақан», «Күншуақ» 75% көрсетті деп айтты. Сонымен қатар жылдық жұмыс жоспарындағы іс – шаралар талапқа сай өткізіліп отырғанын айтты.

**Жарыссөзге шыққандар:** Меңгеруші С.Байымбетов сөйлеп, балалардың бағдарламаны меңгерту ең маңызды мақсатымыздың бірі екенін айта келе, балалармен жеке, топтық жұмыстарды жоспар бойынша жоғары деңгейде жүргізе беруді тапсырды. Төмен деңгейдегі балалармен пән мұғалімдері, педагог-психолог жеке жұмыстар жүргізіп, деңгейін көтеру керек деді.

**Әкімшілік жиналыстың шешімі:**

1. Мектепке дейінгі ұйымның істер номенклатурасы бойынша балабақша құжаттары жүргізілсін
2. Топтарда құжаттаманы талапқа сай жүргізу жалғастырылсын.
3. Балалардың 2024 жылдағы денсаулық жағдайын талдау жақсы деп саналсын.
4. Мектепке дейінгі ұйым жұмысының 2024 - 2025 оқу жылының I жарты жылындағы қорытындылары жақсы деп бағалансын.

төрайымы  
Хатшы:



С.Байымбетов  
А.Сатыбалды.

## Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы

### №6 хаттама

**Өткізілген орны:** ЖШС «Ақбастау» бөбекжай - бақшасы

**Өткізілген күні:** 18- ақпан . 2025 - жыл.

**Қатысқандар:** Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатысқандар саны: 15**

#### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

- 1.Мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің жай-күйі.
- 2.Бір айдағы сырқаттанушылықты талдау; табиғи тамақтану нормаларының орындалуын талдау; ЖРВИ, тұмау және инфекцияның алдын алу.
- 3.Салтанатты іс-шараға дайындық туралы (наурыз айында өтетін).

**Тыңдалды:** Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші** мәселе бойынша бөбекжайдың медбикесі сөйлеп, балабақшаның санитарлық-эпидемиологиялық режимнің жай-күйі туралы айтты. Балабақшадағы тамақ әзірлейтін орынның, топтардың санитарлық жағдайы талапқа сай екенін айтты.Асхананың тазалығы талапқа сай. Ет турайтын, нан, салаттар турайтын тақтайшалар, ыдыс – аяқтар таңбаланып,бәрі дезинфекцияланып ережеге сай жуылады.Аспаздардың, асхана жұмысшысының киім формалары бар екенін, әр топқа берілетін тамақтардың таратылу кестесі құрылған, бірақ тәрбиеші көмекшілері кей уақытта өз уақытынан ерте келіп тұратынын айтып, уақтылы тамақ алуға ескерту берілгенін айтып өтті.Топтардың тазалығы санитарлық ережелерге сай жүргізіліп , дезинфекцияланып отырады.

**Жарыссөзге шыққандар: кәсіподақ төрайымы** тәрбиеші Б.Коспакова сөйлеп, қызметкерлерге жуу, тазалау ережелері ұдайы қайталап, түсіндіріп отырылу керектігін айтты.

**Тәрбиеші Г.Еримбетова** ойын – сауықтың ұйымдастырылуы талапқа сай болғанын және таң қалдыру сәтіне Аққала келіп ойындар ойнатып, қызықтырғаны жақсы болды деп айтты. Қорытындысын жақсы деп бағалайтынын айтып өтті.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші** мәселе бойынша балалардың 2024 жылдағы денсаулық жағдайын талдау бойынша медбике У.Бегимбаева сөйлеп, бір айдағы сырқаттанушылықты талдау; табиғи тамақтану нормаларының орындалуын талдау; ЖРВИ, тұмау және инфекцияның алдын алуға қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты. Балалардың сырқаттанушылықтарына талдау жасады.Балалар арасында тұмау, суықтап ауырып қалғандары болғанмен, жұқпалы аурулардың болмағанын айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші** мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, наурыз айында өтетін салтанатты іс-шараға дайындық

туралы айтты. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі мемлекеттік мереке болғандықтан, бәріміз атсалысып, салт – дәстүрімізді дәріптеуге арналған жұмыстарға қатысатынымызды айтты. Балабақшада наурыз ертеңгіліктері өткізіледі және қызметкерлер де ұлттық киімдер киетінін және іс – шаралар жоспарымен таныстырды.

### Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің жай-күйі әрі қарай да үнемі сақталынсын.
2. Балалардың сырқаттанушылықтарының алдын алу, табиғи тамақтану нормаларының орындалуы, ЖРВИ, тұмау және инфекцияның алдын алу жұмыстары жалғастырылсын.
3. Наурыз айында өтетін салтанатты іс-шараға дайындық жұмыстары жүргізілсін.

төрайымы

Хатшы:



С.Байымбетов

А.Сатыбалды

## Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы

### №7 хаттама

**Өткізілген орны:** ЖШС «Ақбастау» бөбекжай - бақшасы

**Өткізілген күні:** 14 - наурыз . 2025 - жыл.

**Қатысқандар:** Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, аспаздар ,балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатысқандар саны: 15**

### Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы. Тақырыптық бақылау қорытындысы
2. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жұмысын жоспарлауды талдау.
3. Қызметкерлерді мерзімді медициналық тексеруден өткізуді ұйымдастыру.
4. Тоқсан ішіндегі сырқаттанушылықты талдау.
5. (Дене шынықтыру) Кешенді бақылау қорытындысы. МАД «Балбөбек» тобында.

**Тыңдалды:** Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

**Сөйледі:** күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша медбике У.Бегимбаева сөйлеп, тақырыптық бақылау жүргізілген балабақшадағы санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы туралы айтты. Санитарлық талаптың орындалуы, дезинфекция талаптарының орындалуы, ылғалды сүрту жұмыстары, күрделі тазалау жұмыстарының жүргізілуіне күнделікті бақылау жүргізіліп, бағаланып, ескерту шаралары сол кезде айтылып кететінін айтты.

**Сөйледі:** күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер А.Сатыбалды сөйлеп, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жұмысын жоспарлауды талдау жұмыстары туралы айтты. Балабақшаның педагогтары құжаттарын істер номенклатурасы бойынша дайындап, жүргізіп отырады. Тәрбие мен білім берудің апталық циклограммасы күн тәртібі бойынша жүргізіліп, режимдік сәттердің қалай орындалғанына талдау жасалып, қорытындысы жақсы деп бағаланды. Ескерту шаралары өз уақытында айтылып, жіберілген қателіктер жойылып отырылғанын айтты.

**Сөйледі:** күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша медбике У.Бегимбаева сөйлеп, қызметкерлерді мерзімді медициналық тексеруден өткізуді ұйымдастыру жұмыстары туралы айтты. Қызметкерлер мерзімді медициналық тексеруден уақытылы өту үшін, жоспар түзіліп, кесте бойынша кешікпеуге ескертіліп отырылады. Медициналық тексерудең кешігіп қалған қызметкерлер жұмыс жасауға жіберілмей, қайтарылады деді.

**Жарыссөзге шыққандар:** тәрбиеші Г.Еримбетова сөйлеп, еңбек демалысында жүрген қызметкердің медициналық тексеруден өту мерзімі өтіп кетсе қалай болады деген сұрақ қойып, сұрағына жауап алды.

**Сөйледі:** күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша медбике У.Бегимбаева сөйлеп, тоқсан ішіндегі сырқаттанушылықты талдау туралы

айтты. Тоқсан ішіндегі балалардың сырқаттанушылықтарына талдау жасады. Балалар арасында тұмау, суықтап ауырып қалғандары болғанмен, жұқпалы аурулардың болмағанын айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі бесінші** мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, МАД «Балбөбек» тобындағы (Дене шынықтыру) Кешенді бақылау қорытындысы туралы сөйледі. Балабақшадағы бақылау тәрбиелеу мен білім беру процесінің МЖМБС міндеттері мен мақсаттарына, МДҰ жарғыларына, сондай-ақ жалпы мемлекеттік қондырғыларға сәйкестігін анықтау үшін жүргізілетін бақылау және тексеру жүйесі екенін және балабақшадағы бақылау кезінде тәрбиешілердің қызметін талдауға ерекше назар аударылатынын айтып өтті. Мектепалды даярлық топтарындағы тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарына, ойыншықтармен, көрнекіліктермен, ойын аймақтарымен, кітаптармен, дамытушы ортаның дидактикалық материалдармен жабдыкталуына, ата – аналармен жүргізілетін жұмыстарға, балалардың даму мониторингі жасалып, жеке даму картасы бойынша жұмыстардың толыққанды жүргізілуіне жан-жақты бақылау жүргізілгенін айтты. Дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс – әрекетінің кестеге сай өткізілуі бақыланып, отыратынын айтты.

#### **Әкімшілік жиналыстың шешімі:**

1. Балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы атты Тақырыптық бақылау қорытындысы жақсы деп бағалансын.
2. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жұмысын жоспарлауды талдау жұмыстары жалғастырылсын.
3. Қызметкерлерді мерзімді медициналық тексеруден өткізуді ұйымдастыру жұмыстары жақсы деп бағалансын.
4. Балалар арасындағы сырқаттанушылықтың алдын алу жұмыстары жалғастырылсын.
5. МАД «Балбөбек» топтарындағы (Дене шынықтыру) Кешенді бақылау қорытындысы жақсы деп бағалансын.

**төрайымы**

**Хатшы:**



**С.Байымбетов**

**А.Сатыбалды**

**Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы**  
**№8 хаттама**

**«Ақбастау» бөбекжай бала-бақшасы**

**Өткізілген күні:** 01 - сәуір . 2025 жыл.

**Қатысқандар:** Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, аспаздар ,балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатысқандар саны: 15**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

- 1.Наурыз мерекесінің қорытындысы
2. Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар
- 3.Топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау

**Тыңдалды:** Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе** балабақша әдіскері А.Сатыбалды сөйлеп, «Қош келдің Наурыз!» мерекесіне арналып өтілген ойын – сауықтың қорытындысын айтып өтті.Сценарийде жоспарланған ойындардың барлығы кейіпкерлердің қатысуымен өткізілгенін және балаларға ұнағанын, көңілді болғанын айтты.Сонымен бірге Наурыздың мән – мағынасы таныстырылып, Қызыр баба келіп, балаларға батасын берді деді.

**Жарыссөзге шыққандар:** бөбекжайдың әдіскері А.Сатыбалды сөйлеп, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне арналған «Ақбастау» бөбекжайында өткізілетін «Қош келдің – әз Наурыз!» мерекелік іс – шара жоспары аясында Ұлттық салт – салт – дәстүрімізді дәріптеу, бөбекжай бүлдіршіндеріне Наурыз мерекесінің құндылығын түсіндіру, Қазақстан жерінде достық пен бейбітшілікті нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға, табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру мақсатында өткізілгенін айтты.

Тәрбиеші Ш.Исабек Ұлыстың ұлы күніне балалар ұлттық ойындар ойнап, салт – дәстүр туралы білуге қызығушылықтары оянды деп санаймын деді.Сонымен қатар салт – дәстүрдің көріністерін балаларға көрсеткені дұрыс болды деп санаймын деді..

**Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе** бойынша бөбекжайдың шаруа меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, көктем мезгіліндегі жұмыстардың барысымен таныстырды.Гүл егетін клумбалар аударылып өңделу, гүлдер егу, ағаштардың түбін қопсытып әктеу т.б. жұмыстарды бірлесіп істеп, бөбекжай ауласын көркейтуге шақырды.

**Жарыссөзге шыққандар:** бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов бөбекжай ауласы гүлденіп тұрса, балаларға да, ата- аналарға, қызметкерлерге қандай жақсы көңіл – күй сыйлайтынын айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе** бойынша әдіскер А.Сатыбалды топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау

туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе, күнделікті оқу қызметтерінің өткізілуін бақылап жүргенін айтты. Оқу қызметтері оқу қызметтерінің кестесіне сай барлық топта өткізілуде. Алайда кейбір тәрбиешілердің оқу қызметіне дайындығы төмен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескерту айтылады.

### Меңгеруші алдындағы кеңестің шешімі:

1. Наурыз мерекесіне арналған ойын – сауық қорытындысы жақсы деп бағалансын.
2. Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар бойынша кесте құрылып, жұмыстар жүргізілсін.
3. Топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау жалғастырылсын.

төрайымы  
Хатшы:

*Handwritten signature*



С.Байымбетов.  
А.Сатыбалды

## Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы.

### №9 хаттама

**Өткізілген орны:** ЖШС «Ақбастау» бөбекжай балабақшасы

**Өткізілген күні:** 27 – мамыр 2025 - жыл.

**Қатысқандар:** Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатысқандар саны: 15**

#### Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі
2. Бөбекжаймен қоштасу ертеңгілінің өтілуі және дайындығы
3. «Балаларды қорғау күнін» ұйымдастыру мен өткізу
4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібін бекіту

Жазғы сауықтыру шаралары:

- бассейнмен жабдықтау;
- Құмсалғыштарды құммен толтыру

Тағамның сапасын, әртүрлілігін бақылау.

**Тыңдалды:** Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші** мәселе бойынша ересек «Балапан» тобының тәрбиешісі Ш.Исабек «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының мақсатымен таныстырып өтті. Таң қалдыру сәтіне Дымбілмес жол ережесін бұзғанын, жол сақшысы келіп балаларға және Дымбілмеске жол тәртібі туралы, жолда абай болу керек екені туралы түсіндіріп өткенін және жол тәртібіне байланысты қандай ойындар, жарыстар өтілгенін атап көрсетті. Бүгінгі өтілген ойын-сауықта балаларға қандай жол ережелерімен таныстарғанын, қандай көрнекіліктер, жол ережелерінің белгілерін қолданғанын айтты.

**Жарыссөзге шыққандар:** тәрбиеші Г.Мұхамбек ойын- сауыққа көрнекіліктер, жол ережесіне байланысты ойындар, жол белгілері орынды қолданып, мақсатына жетті деп ойлаймын.

**Тәрбиеші :** Б.Коспакова «Жолда жүру ережесі» жұмысында балалар жол тәртібінің ережелерімен, жолдан, ақжолaktan, бағдаршамнан өткенде абай болу керек екенін және өз өмірлерінің қауіпсіздігі үшін жол тәртібін сақтау керек екендерін түсінді деп ойлаймын. Балалар өте белсенді, қызығушылықпен ойын-сауыққа қатысты деп айтып өтті.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші** мәселе бойынша Мектепалды даярлық «Балбөбек» тобының тәрбиешісі А.Берденова сөйлеп, «Қош бол, сүйікті балабақшам!» ертеңгілігінің сценариймен, барысымен таныстырды. Ертеңгілікте балалармен жыл бойы дайындаған өнерлерін, билерін, әндерін, тақпақтарын айтып, қызықты ойындар ойнап, бөбекжайдың барлық қызметкерлеріне алғыстарын білдіреді.

**Жарыссөзге шыққандар:** ересек «Балапан» тобының тәрбиешісі Ш.Иабек сөйлеп, бұл ертеңгілікке балалардың мектепке дайын екендерін

көрсету мақсатында математика негіздері ұйымдастырылған оқу қызметінен әртүрлі тапсырмалар орындап, дидактикалық ойындар қосылатынын айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші** мәселе бойынша Е.Жолдас сөйлеп, 1 маусым балаларды қорғау күніне арналған «Мен бақытты балдырған» атты ертеңгілігі бөбекжайдың ауласында өткізілсе деген ұсыныс білдірді. Ертеңгіліктің сценариймен таныстырып, билер, әндер, түрлі қызықты ойындар ойнатылатынын айтып өтті.

**Жарыссөзге шыққандар:** бөбекжай әдіскері А.Сатыбалды «1-маусым балаларды қорғау күніне» арналған ертеңгіліктің бөбекжай ауласында өтетінін, санитариялық талаптарды, ара қашықтықты қатаң сақтай отырып, барлық балалары қатысатынын және бүлдіршіндерге бөбекжай әкімшілігі тарапынан сыйлықтар, дәрумендер берілетінін айтып өтті. Педагогтар ұсыныстарды түгел қабылдады.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші** мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Сатыбалды жаз мезгілінің жоспарымен, күн тәртібімен, жаз мезгілінде өтілетін сауықтыру шаралармен таныстырды.

Педагогтар бекітілсін деп бір ауыздан қолдады.

**Жарыссөзге шыққандар:** шаруа меңгерушісі С.Байымбетов жаз мезгіліндегі тағамның сапасымен әртүрлілігі туралы, жаз мезгіліндегі сауықтыру шараларына дайындық жүргізіліп жатқанын және учаскедегі құмсалғыштар құммен толтырылып, жаз мезгіліне дайындықтар жүргізіліп жатқанын айтты.

### **Әкімшілік жиналыстың шешімі:**

1. «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі жақсы деп бағалансын.

2. Бөбекжаймен қоштасу ертеңгілінің дайындығы жүргізіліп, сценарийі бекітілсін.

3. «1 маусым - Балаларды қорғау күніне» арналған ертеңгіліктің сценарийі бекітілсін.

4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібі мен жоспары бекітілсін, жазғы сауықтыру шараларына арналған жұмыстар жүргізілсін.

төрайымы  
Хатшы:



С.Байымбетов  
А.Сатыбалды